



ЗЕРДЕЛІ ЗЕРЕНДІ

● 2012 жылдан бастап шығады

● Жұма, 30 қаңтар, 2026 жыл №4 (676)

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Конституциялық комиссияның төрағасын қабылдады



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық комиссия төрағасы – Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімованы, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық комиссия мүшесі – Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына Конституциялық комиссияның бұған дейін өткен отырыстарының нәтижесі туралы мәлімет берілді. Эльвира Әзімова Комиссия қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында барлық отырыс медиа кеңістікте, соның ішінде арнайы телеграм арналары арқылы тікелей көрсетіліп жатқанын баяндады.

Конституциялық комиссияның төрағасы жарты жыл бойы Конституциялық реформаларды қоғамдық талқылау өткізілгенін айтты. Электронды платформаға азаматтардан, құқықтанушы ғалымдардан, сарапшылардан, заңгерлерден, саяси партиялардан, үкіметтік емес ұйымдардан, кәсіптік және бизнес қауымдастықтардан 2 мыңнан аса ұсыныс пен бастама келіп түскен. Осыған дейінгі отырыстарда Комиссия мүшелері Конституция преамбуласының түбегейлі жаңа редакциясын, бірқатар баптарды және бөлімдерді әзірлеп, қарастырды.

Мемлекет басшысы алдағы Конституциялық реформа еліміздің дамуына тың серпін беретінін атап өтті. Ал Комиссия жұмысы Конституциялық реформаларды іске асыруда өте маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

ortcom.kz

ҮКІМЕТ

Үкіметте «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы таныстырылды



Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова Үкімет отырысында Мемлекет басшысының тапсырмалары шеңберінде әзірленген 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бірыңғай тұжырымдамасын ұсынды. Тұжырымдама Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен және бейінді министрліктермен бірлесіп дайындалған әрі балалардың құқықтарын қорғау саласында қабылданатын шаралардың дәйектілігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған, деп хабарлайды UKIMET телеграм арнасы.

«Ол қауіпсіздік, білім беру, денсаулық сақтау, отбасы құқығы және әлеуметтік қорғау сияқты салалардағы балалардың құқықтары қарастырылған төрт негізгі бағытты қамтиды. Тиімділікті бағалау үшін 10 индикатор, ал жүзеге асыру үшін 158 іс-шара көзделген. Қаржыландырудың жалпы көлемі – 1,3 трлн теңге», – деді Жұлдыз Сүлейменова.

Тұжырымдама шеңберінде «Заң мен тәртіп» идеологиясын кеңінен тарату; мектептерде педагог-психолог сағатын енгізу; балаларды «Адал азамат» рухында тәрбиелеу; зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмек кабинеттерін ашу; психологиялық диагностиканың бірыңғай цифрлық платформасын құру; қадағалауды талап ететін балаларды тәлімгерлермен 100% қамту жоспарлануда.

Сондай-ақ буллингті анықтау үшін бейнебақылау камераларына ЖИ технологияларын енгізу, құқыққа қайшы контентті жоймағаны үшін интернет-платформалардың жауапкершілігін күшейту және т.б. қарастырылған.

ПАРЛАМЕНТ

Туризм саласын және балалар спортын қолдау мәселелері – сенаторлардың назарында

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары кеңейтілген отырыста «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік саланы және балалар спортын қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды талқылады.

Құжат экономиканы әртараптандыру, ішкі және келу туризмін дамыту, адами капиталды нығайту және балалар мен жасөспірімдер үшін спорттың қолжетімділігін арттыру бойынша мемлекеттік басымдықтарды іске асыруға бағытталған.

Заңда спорт саласындағы бюджеттен тыс қаражатты бөлу жөніндегі бір-біріне оператордың қаржылық есептілігіне міндетті жылдық аудит жүргізуді енгізу, сондай-ақ уәкілетті органның туристік өнімді қалыптастыру, келу туризмін субсидиялау және туристік инфрақұрылымды салу мен реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу бойынша құзыреттерін нақтылау қарастырылған.

Бұдан бөлек, заңмен жергілікті атқарушы органдарға туризм саласындағы нысандардың мақсатты пайдаланылуын мониторингтеу және басым туристік аумақтардың шекараларын айқындау бойынша жаңа құзыреттер беріледі. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде қосымша білім беру ұйымы ретіндегі мәртебесі бекітіліп, БЖСМ-ге мемлекеттік тапсырыс, жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативі және оны орналастырудың бірыңғай қағидалары енгізіледі, сондай-ақ деректерді есепке алу мен мониторингтеу үшін дене шынықтыру мен спорттың цифрлық платформасы құрылады.

senate.parl.kz

Аудан әкімдігінде

Өткен жылдың қорытындылары талқыланды

Өңір басшысы Әсет Құрманғожин Зеренді ауданы әкімдігінің кезекті отырысын өткізді. Күн тәртібінде екі мәселе қаралды: «Зеренді ауданының 2025 жылғы қаңтар-желтоқсан айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары» және «Аудандағы ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздіктің қазіргі жағдайы және жануарлардың аса қауіпті аурулары таралуының алдын алу шаралары».

«Зеренді ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Айнагүл Кемиева бірінші мәселе бойынша ақпарат берді.

«Зеренді ауданының ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының басшысы Аслан Қажуев аудандағы ветеринариялық-санитариялық жағдай туралы баяндады.

А. Кемиева өз сөзінде 2025 жыл барлық көрсеткіштер бойынша ай-

тарлықтай нәтижелерге қол жеткізілген өнімді кезең болғанын атады. Өнеркәсіптік өндіріс, оның ішінде үй шаруашылықтары 2024 жылғы өсімнің 128%-ын құрады, ал жылу, электр энергиясын өндіру және сумен қамтамасыздандыру 113,2%-ға өсті. Басқа салаларда да оң үрдістер байқалды. Мысалы, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 136%-дан асты, 500 000 тоннадан астам өнім жиналды, гектардың орташа өнімділігі 23,1 центнерді құрады. Ет өндіру 2024 жылдың осы кезеңіне 112,3%-ды, сүт - 96,6%-ды, жұмыртқа - 98,9%-ды құрады. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны артты. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында 2025 жылы 13 жол жөндеу жұбасы жүзеге асырылды, Зеренді ауылындағы Ж.Мусин көшесінің бойында су тасқынынан қорғайтын бөгет салынды. Ауданның орталықтандырылған ауыз сумен жабдықталуын жақсартуға бағытталған он сегіз жоба орындалды. Спикер әлеуметтік қызмет көрсету нысан-

дарының жұмысына да егжей-тегжейлі тоқтады.

Аслан Қажуев өз баяндамасында үй жануарлары мен құстарға әсер ететін аса қауіпті ауруларға қатысты жағдайдың қалыпты екенін атап өтті. Ол өткен жыл бойы жоспарлы ветеринариялық алдын алу шаралары және ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру, сондай-ақ ірі қара мен ұсақ мүйізді малдарға бруцеллезге диагностикалық тексеру жүргізіліп, ауруға оң нәтиже бергендері анықталғанына назар аударды. Сібір жарасына, құтыруға, туберкулезге, аусылға, эхинококкозға және үй жануарларының басқа да ауруларына қарсы вакцинациялау жүргізілген.

Ветеринариялық анықтамалар беру бойынша 10 401 мемлекеттік қызмет, оның ішінде 3 477 жеке тұлғаларға және 6 924 заңды тұлғаларға көрсетілген.

Талқыланған мәселелер бойынша әкімдіктің қаулылары қабылданды. **Өз тілшімізден.**



Қызметті жаңаша ұйымдастыру уақыт талабы

«Аманат» партиясы Зеренді аудандық филиалының мәжіліс залында ауданның бас биі Серік Баймурзиннің төрағалығымен, Ақмола облысының «Билер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Дахан Жәмшиннің, аудандық Ардагерлер кеңесі төрағасының, ауылдық округтердің аға билерінің қатысуымен билер кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Оның барысында ұйымдастыру мәселелері қаралып, билер қызметін жақсарту бойынша бірқатар ұсыныстар жасалып, алқа мүшелері мен ауылдық округтердің аға билеріне «Ақмола билер алқасы» төс белгішелері мен куәліктер табыс етілді. Өңірде билер қызметін құрып, қалыптасуына белсенді атсалысқан еңбек ардагерлері Тлекен Төлебаев, Серік Баймурзин, Хамза Бекенов және Иманғали Ақпаев «Ақмола облысының тұңғыш биі» медалімен марапатталды.

Дәл осы күні Зеренді аудандық атқарушы органының мәжіліс залында, аудан әкімі Әсет Құрманғожиннің, ауылдық округтер әкімдерінің, қоғамдық ұйымдардың, дербес бөлімдер басшыларының, билердің қатысуымен бірлескен мәжіліс ұйымдастырылды.

Күн тәртібіне сәйкес ауданның бас биі Серік Баймурзин «Зеренді аудандық Билер кеңесінің 2025 жылы атқарған жұмысы және ағымдағы жылға арналған жоспарлары туралы» есепті баяндама жасады. Ақпаратта өңірде билер қызметін құру барысында атқарылған істер, кездескен қиындықтар қамтылып, бірқатар жетістіктер, осы иіп іске белсене атсалысқан ел азаматтары мен жан-жақты қолдау көрсеткен атқарушы органдардың басшыларының есімдері аталды.

Келесі «Билердің Ақмола облысы бойынша атқарған жұмыстары» туралы мәселе бойынша облыстың бас биі Дахан Жәмшин сөз сөйледі.

Аудан әкімі Әсет Құрманғожин ел тарихының әр кезеңдерінде қабылданған, олардың ішінде «Жеті жар-



ғы», басқа да заңдардың жүзеге асырылуына халық сайлаған билердің ерекше атсалысқанына кеңінен тоқтап, қоғамымыздың бүгінгі тыныс-тіршілігінде де билер қызметінің қажеттігіне, билердің алдағы кезеңде жергілікті атқарушы органдармен бірлесе нәтижелі істер атқаратынына сенім білдірді.

«Аманат» партиясы Зеренді аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қайрат Ауғалиев ерте заманнан келе жатқан билер қызметіне, оның ішінде өңірімізде атақты, әділ билердің болғанынан деректер келтіріп, осы қоғамдық қызметті бүгінде атқарушы жерлестерге табыстар тіледі.

Ары қарай Зеренді ауданының әкімі мен Ақмола облысының Билер кеңесі арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Мәжіліс өңір басшысы Ә.Құрманғожиннің аудандық билер кеңесінің төрағасы Серік Баймурзинге Алғыс хат табыстауымен мәресіне жетті.

Қайрат ҚАЗИЯКПАРОВ.

ЕЛЕБАҒДАРЛАМА

«QAZAQSTAN» ҰЛТТЫҚ ТЕЛЕАРНАСЫ

ДҮЙСЕНБІ, 2 АҚПАН

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:00 «Ауыл мұғалімі»
7:00 «TANSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Бір сен үшін»
12:10 «Қызық екен...»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жат бауыр»
14:15 «Апта»
15:00 «Ақорда»
15:15 «Көңіл толқыны»
16:00 «Қыздың жолы»
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «БІР СЕН ҮШІН»
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕПСІ»
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ»
22:15 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:05 «1001 ТҮН»
0:05 «Қыз тағдыры»
0:50 АҚПАРАТ
1:20 «Қазір айтайық»
2:05 «Ашық алаң»
2:55 «Ауылдастар»

СӘРСЕНБІ, 3 АҚПАН

5:30 Әнұран
5:35 АҚПАРАТ
6:10 «Ауыл мұғалімі»
7:00 «TANSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Бір сен үшін»
12:10 «Қызық екен...»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жат бауыр»
14:15 «Қос палата»
14:35 «Жарқын жүздесу»
16:00 «Қыздың жолы»
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «БІР СЕН ҮШІН»
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕПСІ»
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ»
22:15 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:05 «1001 ТҮН»
0:05 «Қыз тағдыры»
0:50 АҚПАРАТ
1:20 «Қазір айтайық»
2:05 «Ашық алаң»
2:50 «Ауылдастар»

СӘРСЕНБІ, 4 АҚПАН

5:30 Әнұран
5:40 АҚПАРАТ
6:10 «Ауыл мұғалімі»
7:00 «TANSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Бір сен үшін»
12:10 «Қызық екен...»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жат бауыр»
14:15 «Бірегей»
15:00 «Жарқын жүздесу»
16:00 «Қыздың жолы»
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «БІР СЕН ҮШІН»
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕПСІ»
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ»
22:15 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:05 «1001 ТҮН»
0:05 «Қыз тағдыры»
0:55 ФУТБОЛ
3:05 АҚПАРАТ

БЕЙСЕНБІ, 5 АҚПАН

5:30 Әнұран
5:35 АҚПАРАТ
6:10 «Ауыл мұғалімі»
7:00 «TANSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Бір сен үшін»
12:10 «Қызық екен...»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жат бауыр»
14:10 «Бірегей»
14:55 «Жолдары төртін»
15:15 «Жарқын жүздесу»
16:00 «Қыздың жолы»
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «БІР СЕН ҮШІН»
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕПСІ»
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ»
22:15 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:05 «1001 ТҮН»
0:05 «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ»
0:45 «Қыз тағдыры»
1:30 АҚПАРАТ
2:00 «Қазір айтайық»
2:45 «Ашық алаң»

ЖҰМА, 6 АҚПАН

5:30 Әнұран
5:35 АҚПАРАТ
6:10 «Ауыл мұғалімі»
7:00 «TANSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Бір сен үшін»
12:10 «Қызық екен...»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жат бауыр»
14:10 «ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА - АЛМАТЫ»

14:40 «Тұлға»
15:15 «Жарқын жүздесу»
16:00 «Қыздың жолы»
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «БІР СЕН ҮШІН»
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕПСІ»
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ»
22:15 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:05 «1001 ТҮН»
0:00 XXV ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ.
3:00 АҚПАРАТ
3:30 «Ашық алаң»

СЕНБІ, 7 АҚПАН

5:30 Әнұран
5:35 АҚПАРАТ
6:05 «Ауылдастар»
6:40 «Бір шаңырақ астында»
7:40 «Көңіл толқыны»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ»
10:00 «Бір сен үшін»
12:00 «ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ МУЗЫКА ЭЛЕМІ», Концерт
13:30 «Бәрекелді»
14:40 «Көке», Мультфильм
16:05 Жұбанш Жексенұлының концерті
17:40 «ҚОС ПАЛАТА»
18:00 «БІР СЕН ҮШІН»
20:00 АҚПАРАТ
20:10 «СЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕПСІ»
21:20 «Мұхағали»
23:20 «Қыз тағдыры»
0:10 АҚПАРАТ
0:20 «Қос палата»
0:40 «Әлем және біз»
1:00 «Бәрекелді»
2:10 «Бір шаңырақ астында»

ЖЕКСЕНБІ, 8 АҚПАН

5:30 Әнұран
5:35 АҚПАРАТ
6:10 «Ауыл мұғалімі»
7:00 «TANSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Бір сен үшін»
12:10 «Қызық екен...»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жат бауыр»
14:15 «Қос палата»
14:35 «Жарқын жүздесу»
16:00 «Қыздың жолы»
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «БІР СЕН ҮШІН»
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕПСІ»
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ»
22:15 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:05 «1001 ТҮН»
0:05 «Қыз тағдыры»
0:50 АҚПАРАТ
1:20 «Қазір айтайық»
2:05 «Ашық алаң»
2:50 «Ауылдастар»

СӘРСЕНБІ, 9 АҚПАН

5:30 Әнұран
5:35 АҚПАРАТ
6:10 «Ауыл мұғалімі»
7:00 «TANSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Бір сен үшін»
12:10 «Қызық екен...»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жат бауыр»
14:15 «Бірегей»
15:00 «Жарқын жүздесу»
16:00 «Қыздың жолы»
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «БІР СЕН ҮШІН»
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕПСІ»
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ»
22:15 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:05 «1001 ТҮН»
0:05 «Қыз тағдыры»
0:55 ФУТБОЛ
3:05 АҚПАРАТ

БЕЙСЕНБІ, 10 АҚПАН

5:30 Әнұран
5:35 АҚПАРАТ
6:10 «Ауыл мұғалімі»
7:00 «TANSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Бір сен үшін»
12:10 «Қызық екен...»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жат бауыр»
14:10 «Бірегей»
14:55 «Жолдары төртін»
15:15 «Жарқын жүздесу»
16:00 «Қыздың жолы»
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «БІР СЕН ҮШІН»
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕПСІ»
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ»
22:15 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:05 «1001 ТҮН»
0:05 «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ»
0:45 «Қыз тағдыры»
1:30 АҚПАРАТ
2:00 «Қазір айтайық»
2:45 «Ашық алаң»

09:30 Телехикая "Шырмалған тағдыр"
11:30 Телехикая "Жолдар"
12:30 "ОйнаIQ"
13:30 "Өзекті"
14:00 "Неосет"
14:20 Пульс планеты
14:30 "Турбозавры"
15:00 "Моя прекрасная жизнь"
17:00 "Триггер новый"
19:00 Новости
19:30 "Шырмалған тағдыр"
21:30 Жаңалықтар
22:00 Телехикая "Жолдар"
23:00 "Триггер новый"

БЕЙСЕНБІ, 5 АҚПАН

05:00 "Cover show"
06:00 Новости
06:30 Жаңалықтар
07:00 "ОянаIQ"
09:00 Жер-жаһан
09:10 "Бидн назада"
09:30 "Шырмалған тағдыр"
11:30 Телехикая "Жолдар"
12:30 "ОйнаIQ"
13:30 "Өзекті"
14:00 "Культурный контекст"
14:20 Пульс планеты
14:30 М/ф "Турбозавры"
15:00 "Моя прекрасная жизнь"
17:00 "Триггер новый"
19:00 Новости
19:30 "Шырмалған тағдыр"
21:30 Жаңалықтар
22:00 Комедия "НБИ агай"
23:30 "Триггер новый"

ЖҰМА, 6 АҚПАН

05:00 "Cover show"
06:00 Новости
06:30 Жаңалықтар
07:00 "ОянаIQ"
09:00 Жер-жаһан
09:10 "Арайық репортаж"
09:30 "Шырмалған тағдыр"
11:10 Комедия "НБИ агай"
12:40 "ОйнаIQ"
13:30 "Өзекті"
14:00 "Народный контроль"
14:20 Пульс планеты
14:30 М/ф "Турбозавры"
15:00 "Моя прекрасная жизнь"
17:00 Телесериял "Стаяер"
19:00 Новости
19:30 "Шырмалған тағдыр"
21:30 Жаңалықтар
22:00 "Қоғам пікірі" саяси ток-шоуы
23:00 Телесериял "Стаяер"

СЕНБІ, 7 АҚПАН

05:00 "Жеті қазына"
07:00 "Алғашқы"
08:00 Концерт "Арқада салған өн қандай..."
10:00 "Робинзон Крузо: Очень обитаемый остров"
11:20 М/ф "Турбозавры"
12:00 Боевик "Хулиганы 3"
13:30 Әсем өңдер
14:00 "Желі-жөк Айтсы"
15:30 "Кызык times"
16:45 Телехикая, "Келінжан 5"
17:45 "Жолдар" марафон
19:00 "7 күн"
19:40 Жұмыр жер
20:00 "Cover show"
22:00 Боевик "Последний рубеж"
00:00 Концерт.

ЖЕКСЕНБІ, 8 АҚПАН

05:00 "Жеті қазына"
07:00 "Алғашқы"
08:00 Концерт "Жолдар, жолдар"
10:00 М/ф "Большой собачий побег"
11:25 М/ф "Турбозавры"
12:00 Боевик "Последний рубеж"
14:00 "Өмір өрігігі"
15:15 Телехикая, "Келінжан 5"
17:30 Комедия "Бесбармақ"
19:00 "7 күн"
19:40 Глобальные события
20:00 "Кызык times"
21:15 Боевик, "Хулиганы 3"
22:45 Әсем өңдер
23:15 Концерт "Қара бала"

Первый канал «Евразия»

ДҮЙСЕНБІ, 2 АҚПАН

6:00 «П@УТИНА»
7:00/8:30 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
10:00 «НЕВЕСТА ИЗ МОСКВЫ»
14:00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:15 «НОВОСТИ»
14:30 «QOSLIKE»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «КОРЕМІЗ-ШОУ»
20:00 «ПЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ПОТЕРЯННЫЕ»
1:00 «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЫЕВА»
2:40 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:55 «НОВОСТИ»
3:10 «П@УТИНА»
3:55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
СЕЙСЕНБІ, 3 АҚПАН
6:00 «П@УТИНА»
7:00/8:30 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»

10:00 «ЖИТЪ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМ-СЯ!»
12:45 «ЗНАХАРЬ»
14:00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:15 «НОВОСТИ»
14:30 «QOSLIKE»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «КОРЕМІЗ-ШОУ»
20:00 «ПЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ПОТЕРЯННЫЕ»
1:00 «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЫЕВА»
2:40 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:55 «НОВОСТИ»
3:10 «КОРЕМІЗ-ШОУ»
3:55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

СӘРСЕНБІ, 4 АҚПАН

6:00 «П@УТИНА»
7:00/8:30 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
10:00 «ЖИТЪ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМ-СЯ!»
12:45 «ЗНАХАРЬ»
14:00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:15 «НОВОСТИ»
14:30 «QOSLIKE»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «КОРЕМІЗ-ШОУ»
20:00 «ПЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ПОТЕРЯННЫЕ»
1:00 «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЫЕВА»
2:40 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:55 «НОВОСТИ»
3:10 «КОРЕМІЗ-ШОУ»
3:55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

БЕЙСЕНБІ, 5 АҚПАН

6:00 «П@УТИНА»
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЪ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:50 Фильм «ОДИН ДЕНЬ ЛЕТА»
14:00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:15 «НОВОСТИ»
14:30 «QOSLIKE»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «КОРЕМІЗ-ШОУ»
20:00 «ПЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ПОТЕРЯННЫЕ»
1:00 «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЫЕВА»
2:40 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:55 «НОВОСТИ»
3:10 «КОРЕМІЗ-ШОУ»
3:55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

СЕНБІ, 6 АҚПАН

6:00 «П@УТИНА»
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
10:00 «ЖИТЪ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:50 Фильм «УСКОЛЬЗЯЮЩАЯ ЖИЗНЬ»
14:00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:15 «НОВОСТИ»
14:30 «QOSLIKE»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «КОРЕМІЗ-ШОУ»
20:00 «ПЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ПОТЕРЯННЫЕ»
1:00 «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЫЕВА»
2:40 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:55 «НОВОСТИ»
3:10 «КОРЕМІЗ-ШОУ»
3:55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

СЕНБІ, 7 АҚПАН

6:00 «П@УТИНА»
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:50 «ДЕЛА ЖИТЕЙСКИЕ 6»
12:30 «QAI»
13:10 «ТРИ АККОРДА»
15:10 «НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛ»
19:00 «КОРЕМІЗ-ШОУ»
20:00 «АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР»
20:35 «ЗА НЕМ ЕЛ»
21:00 «МАГОМАН»
1:00 Ночной кинотеатр. «РЭ-КЕТИР 2»
3:00 «П@УТИНА»
3:45 «ТАМАША СІТҮ»
ЖЕКСЕНБІ, 8 АҚПАН
6:00 «ТАМАША СІТҮ»
7:05 «П@УТИНА»
9:00 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
9:50 «НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛ»
13:30 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:50 «ТАМ, ГДЕ НЕ БЫВАЕТ СНЕГА»
17:00 «ПОГОВОРИМ О ПЛАВНОМ»
18:00 «ТАМ, ГДЕ НЕ БЫВАЕТ СНЕГА»
20:00 «АНАЛИТИКА»
20:50 Фильм «МАГОМАН»
2:50 Кино «ТИМУЧИН»
2:10 «П@УТИНА»
3:40 «ТАМАША СІТҮ»

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«LB Minerals Kazakhstan» ЖШС Ақмола облысының Зеренді ауданында орналасқан №1,2,3,4 Елтай кен орнының бастапқы каолиндерін өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 04 наурызда, сағат 11:00-де, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Сәкен Сейфуллин а.о., Сейфуллин а., орта мектеп мекенжайы бойынша өтеді.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге көшуі сұраймыз: <https://us06web.zoom.us/j/89661109746?pwd=IN0mXhu9DIQwzS1XqT8IM2H3112a.1>

Конференция идентификаторы: 896 6110 9746. Кіру коды: 486585

Бастамашы: «LB Minerals Kazakhstan» ЖШС, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 10 ғимарат, 522 кеңсе. БСН 240340033642.

Жоба әзірлеушісі: «BaiMura» ЖШС өз қызметін ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Астана қ. берген 25.01.2024 ж. № 02736Р қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырады. БСН 940540002772, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 114в. Электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: kazecoproect2012@mail.ru, 87025897219.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен <https://ndbcology.gov.kz> сайтта танысуға болады, сондай-ақ ММ ресми интернет-ресурсында – <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmol-aupr/?lang=kk>

Ескертулер мен ұсыныстарды «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: exproco3@mail.ru Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89.

«LB Minerals Kazakhstan» ЖШС Ақмола облысының Зеренді ауданында орналасқан №1,2,3,4 Елтай кен орны бастапқы каолиндерін өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаның, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы жобасының және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 04 наурызда сағат 15:00-де Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Сәкен Сейфуллин а.о., Сейфуллин а., орта мектеп мекенжайы бойынша өтеді.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге көшуі сұраймыз: <https://us06web.zoom.us/j/85851363610?pwd=O06cricn2lx1lvdtpk3o0mDPUY4ODkx.1>

Конференция идентификаторы: 858 5136 3610. Кіру коды: 901915

Бастамашы: «LB Minerals Kazakhstan» ЖШС, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 10 ғимарат, 522 кеңсе. БСН 240340033642.

Жоба әзірлеушісі: «BaiMura» ЖШС өз қызметін ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Астана қ. берген 25.01.2024 ж. № 02736Р қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырады. БСН 940540002772, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 114в. Электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: kazecoproect2012@mail.ru, 87025897219.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен <https://ndbcology.gov.kz> сайтта танысуға болады, сондай-ақ ММ ресми интернет-ресурсында – <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmol-aupr/?lang=kk>

Ескертулер мен ұсыныстарды «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: exproco3@mail.ru, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89.

Құрметті оқырмандар! Қымбатты жерлестер!

Біздің аудандық «Зерделі Зеренді» және «Зерен» газеттері арқылы сіздер туған-туысқандарыңызды, дос жарандарыңызды өріпестеріңізді өз өмірлеріңдегі айтулы өзгерістермен - туған күнімөң мерейтойымыз диплом алуымыз, өңбек нағардасымызға некеге тұруымыз, баланың дүниеге келуімен, құрметті демалысқа шығуымыз т.б. құттықталуларыңызға болады.

Біздің құрметтерімізге бірлігің бар хабарландырулар, жарнамалар сізге қандай да болмасын бір мәселе-леріңізді шешуге, атап айтқанда - сатуға, айырбас жа-сауға, сатып алуға, жоғалған заттарыңызды қайтаруға алуға, сіздің мекеме көрсететін қызметі мен өндіретін тауарларыңа жүзден аса жандардың назарын ауда-руға мүмкіндік береді.

Сіздерді Зеренді секісі, Тәуелсіздік көшесі, 48, «Зеренді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғима-ратында орналасқан аудандық газеттердің редакци-ясына шақырамыз.

Өздеріңізді қызықтыратын мәселелер бойынша 20-1-93 телефоны арқылы ақпарат ала аласыздар.

САТЫП АЛАМЫН

Ірі мүйізді қара малдарды, ірі мүйізді қара мал, жылқы, қой, ешкі өттерін (тірі салмақта немесе өтпей) Мәжбүрлі сойылғандары Қандай көлемде болса да. Өз көпшіммен тасымалдаймын.

Телефондар: 8-777-396-17-39, 8-702-487-48-72.